

Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 177 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 қазандағы № 857 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 14.10.2025 № 857 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.09.2022 № 652 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 9 сәуірдегі
№ 177 қаулысымен
бекітілген

Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 11.04.2019 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.09.2022 № 652 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2025 № 520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Халықаралық ұйымдар

1. Азия Даму Банкі (АДБ/ADB)
2. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ/WHO)
3. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы
4. Дүниежүзілік пошта одағы
5. Дүниежүзілік туристік ұйым
6. Дүниежүзілік тағы табиғат қоры (WWF)
7. Ғаламдық экологиялық қор (ҒЭҚ/GEF)
8. Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ/UNICEF)
9. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (ЕҚДБ/EBRD)
10. Еуропалық Комиссия (ЕК/ЕС)
11. Еуропа Одағы (ЕО/EU)
12. Ислам даму банкі (ИДБ/IDB)
13. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА/IAEA)
14. Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (ХҚДБ/IBRD)
15. Инвестицияларды кепілдендіру жөніндегі көптарапты агенттік (ИККА/MIGA)
16. Халықаралық даму қауымдастығы (ХДҚ/IDA)
17. Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттердің ғалымдарымен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі халықаралық қауымдастық (INTAS)
18. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ/ILO)
19. Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ)
20. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO)
21. Заңнамалық метрология жөніндегі халықаралық ұйым
22. Халықаралық полиция (ИНТЕРПОЛ)
23. Халықаралық көрмелер бюросы
24. Халықаралық электр байланысы одағы
25. Халықаралық Қаржы Корпорациясы (ХҚК/IFC)
26. Қызыл Крест және Қызыл Жартыай қоғамдастығының халықаралық федерациясы (IFRC)
27. Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (IFAD)
28. Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИБҰ)
29. Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО/UNESCO)
30. Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы (БҰҰ/UN)

31. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО/FAO)
32. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ/OSCE)
33. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ/OECD)
34. Дүниежүзілік жануарлардың денсаулығын сақтау ұйымы
35. Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіптік даму ұйымы (ЮНИДО/UNIDO)
36. Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасы (БҰҰЕБ/UNV)
37. Біріккен Ұлттар Ұйымының ЖИТС жөніндегі бағдарламасы (БҰҰ/ЖИТС/UNAIDS)
38. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ/UNDP)
39. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП/UNEP)
40. Орталық Азия экономикасы үшін арнайы бағдарлама (ОАЭАБ/SPECA)
41. Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасы (БҰҰ ЖКББ/UNHCR)
42. Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ/UNODC)
43. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың қоныстануы саласындағы қызметке арналған қоры (ЮНФПА/UNFPA)
44. Азия және Тынық мұхиты өңірі елдеріне арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссия (АТӨЕАЭК/ESCAP)
45. Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХҒТО)
46. Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымы (ЯСЖТШҰ)
47. ЖИТС-ке, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі жаһандық қоры
48. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АІІВ)
49. Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым (КХҰ)
50. Футбол қауымдастықтарының халықаралық федерациясы (FIFA)
51. Футбол қауымдастықтарының Еуропалық одағы (UEFA)
52. Халықаралық семсерлесу федерациясы (FIE)
53. БҰҰ Оқу және ғылыми-зерттеу институты (ЮНИТАР)
54. Орталық Азия университеті
- Мемлекеттік ұйымдар
55. Америка халықаралық даму агенттігі (ЮСАИД/USAID)
56. "British Council" Британ кеңесі (БК/BC)
57. Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ)
58. Дания халықаралық даму агенттігі (DANIDA)
59. Ұлыбритания халықаралық даму департаменті (DFID)

60. АҚШ Мемлекеттік департаменті
61. "АЕСІ" Испания халықаралық ынтымақтастық агенттігі
62. Канада қоры (Canada Fund)
63. Корея халықаралық ынтымақтастық агенттігі (KOICA)
64. Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомство (KfW)
65. Кувейт араб экономикалық даму қоры (КАЭДҚ/KFAED)
66. Малайзия техникалық ынтымақтастық бағдарламасы (MTCP)
67. Нидерландтың Орталық, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық жөніндегі бағдарламасы - PSO Бағдарламасы
68. Үндістан Сыртқы істер министрлігінің Экономикалық және техникалық ынтымақтастық жөніндегі бағдарламасы (ITEC)
69. Түркия халықаралық ынтымақтастық агенттігі (TICA)
70. Израиль Сыртқы істер министрлігі жанындағы Халықаралық ынтымақтастық орталығы (МАШАВ Бағдарламасы)
71. Швеция даму агенттігі (SIDA)
72. Швейцария инвестицияларға жәрдемдесу ұйымы (SOFI)
73. Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA)
74. Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі (JBIC)
75. Абу Даби муниципалитеті
76. Корея Республикасының Орман шаруашылығы қызметі
- Шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар
77. Азияның дүлей апаттарды азайту орталығы (ADRS)
78. Германия академиялық алмасулар қызметі (DAAD)
79. Карл Дуйсберг атындағы Германия қоғамы
80. Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ислам ұйымы (ИСЕСКО)
81. Канада жергілікті бастамалар бағдарламасы (Local Initiative Program)
82. "Аралды құтқарудың халықаралық қоры" қоғамдық қоры (IFAS)
83. Түрік мәдениеті мен өнері мәселелері жөніндегі біріккен комитет (ТЮРКСОЙ)
84. Саскачеван сауда және экспорт серіктестігі (STEP, Канада)
85. Александр Гумбольдт атындағы қор
86. Конрад Аденауэр атындағы қор
87. Фридрих Науманн атындағы қор
88. Ганс Зайдель атындағы қор
89. Генрих Белль атындағы қор
90. Абу Даби даму қоры
91. Заид бен Сұлтан Әл Нахаян атындағы қайырымдылық-ізгілік ұйымы
92. Шейх Халиф Бен Заид Әл Нахаян қоры

93. "International Fund for Houbara Conservation – Kazakhstan" (Интернешнл Фанд Фо Хубара Консервейшн – Қазақстан)" корпоративтік қоры
94. Дамуды азаматтық зерттеулерді қолдау қоры (CDRF)
- 95 "Сорос – Қазақстан" қоры
96. Фридрих Эберт қоры (Германия) (ФЭК/FES)
- 97 "United Way International" корпоративтік қоры
98. "Возрождение" қазақстандық немістер бірлестігі" қоғамдық қоры
99. Жасыл климат қоры (ЖКҚ/GCF)
100. Қазақстандағы "ГҰте-Институт" филиалы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 9 сәуірдегі
№ 177 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 17, 139-құжат).
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 4, 38-құжат).
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 507 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 36, 293-құжат)
4. "Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 1214 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 645-құжат).